

Сапақкөл орта мектебінде 2023 – 2024 оқу жылында ата – анамен жүргізілген

жұмыстар туралы ақпарат

Бала тәрбиесі ата – ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата – ананың орны бөлек. Тәлім – тәрбиелік жарасымдылық мектеп пен ата – ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде отбасының бала тәрбиесіндегі ролі зор. Ата – ана, оқушы, мұғалім үштігінің бірлігін нығайту, ата – аналардың мектеп тынысымен үнемі таныс болуын қамтамасыз ету.

Құқықбұзушылықтың алдын алуда, профилактикалық кеңестерде ата – аналармен мұғалім арасында тығыз қарым – қатынас орнату мақсатында ата – аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, ата – аналармен біршама жұмыстар атқарылды. Тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау мақсатында оқушылардың отбасына талдау жасалды. Барлық отбасы саны: 102. Толық отбасылар саны: 95. Толық емес отбасылар саны: 7, Аз қамтылған отбасы саны: 9. Әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны: 3. Мектебімізде аналар, әкелер клубы жұмыс жасайды.

Қыркүйек айында «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында жалпы ата – аналар жиналысы өткізіліп, ата – аналар комитетінің төрайымы сайланды. Жиналыс барысында мектеп оқушыларының мектепке алып келуге тыйым салынған заттар тізбесімен таныстырылып, мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасының сақталуы туралы қатаң ескертулер берілді. Сонымен қатар жаңа оқу жылындағы өзгерітер, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы түсіндірілді. Ата – аналар кеңесінің төрайымы сайланды.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында учаскелік инспектор Қ. Ғаббасов баяндама жасап, түсінік жұмысын жүргізді.



«Бала біздің болашағымыз» тақырыбында 9 сыныпта ата – аналар жиналысы өткізілді.



Қазан айында «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығының мақсат, міндеттері таныстырылды. Сонымен бірге күзгі каникул кезіндегі бала қауіпсіздігі туралы айтылды.



Қараша айында мектеп психологы «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.




Желтоқсан айында «Алаяқтықтың алдын алу» алдын алу бойынша мектепшілік ата – аналар жиналысы өткізіліп, жиналыста учаскелік инспектор Қ. Ғаббасов ата – аналарға түсінік жұмыстарын жүргізді.



Ақпан айында «Әке – алып бәйтерек» атты әкелермен спорттық сайыс өткізілді.



Наурыз айында «Ұлттық тәрбие – бала жанының қорегі» тақырыбында сонымен бірге каникул кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қауіпсіздік шараларының алдын-алу мақсатында "Су тасқыны кезіндегі алдын-алу, қауіпсіздік шаралары" тақырыбында Zoom бейнеконференция бағдарламасында жалпы ата - аналар жиналысы өткізілді.



Наурыз айында «Ана, ана жалғыз ғана» сыныптан тыс жұмыс



Мамыр айында "Балалармен жасөспірімдердің интернетке тәуелділіктің алдын алу" тақырыбында мектепшілік жалпы ата - аналар жиналысы өткізілді.



15 мамыр Халықаралық Отбасы күніне орай «Отбасы бақыт мекені» атты сыныптан тыс шара өткізілді.

Мақсаты: жалпы адамзаттық құндылықтардың мәнін аша отырып, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлінің маңыздылығын түсіндіру.



. Мамыр айында өткізілген қорытынды ата – аналар жиналысында жазғы каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі туралы ,жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, келеңсіздіктің алдын алу, оқушылардың жазғы демалыс алаңымен қамтылуы туралы талқыланып, ата – аналар комитетінің жұмысы қорытыланды.. Өткізілген іс – шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланып отырды.